| 3.3.9. Қарыз алушының жазбаша өтінішін алғаннан кейін он бес күнтізбелік күннің ішінде Банктік қарыз шарттарының талаптарына қатысты ұсынылған өзгертулерді қарастыру және Қарыз алушыға келесілер туралы жазбаша түрде хабарлауға: 1) Банктік қарыз шартының талаптарына қатысты ұсынылатын өзгертулермен келісу туралы, 2) Банктік қарыз шартының талаптарын өзгерту бойынша өз ұсыныстары туралы, 3) осындай бас тартудың себептерін негізді түрде көрсете отырып, Банктік қарыз шартының талаптарын өзгертуден бас тарту туралы. | 3.3.9. В течение пятнадцати календарных дней после дня получения письменного заявления Заемщика рассмотреть предложенные изменения в условия Договора банковского займа и в письменной форме сообщить Заемщику о (об): 1) согласии с предложенными изменениями в условия Договора банковского займа, 2) своих предложениях по изменению условий Договора банковского займа, 3) отказе в изменении условий Договора банковского займа с указанием мотивированного обоснования причин такого отказа. |
| 3.3.10. Егер Банк Қарыз алушы үшін Банктік қарыз шартын/Жалпы талаптары шарттарын жақсартуды қолданған жағдайда, Қарыз алушыға Банктік қарыз шартын/Жалпы талаптары шарттарын өзгерту туралы Банктік қарыз шартында/Жалпы талаптарында қарастырылған тәртіпте хабарлауға. | 3.3.10. В случае применения Банком улучшающих условий Договора банковского займа/Общих условий для Заемщика уведомить Заемщика об изменении условия Договора банковского займа/Общих условий в порядке, предусмотренном в Договоре банковского займа/в Общих условиях. |
| 3.3.11. Банктің Банктік қарыз шарты бойынша құқығының (талабының) үшінші тұлғаға өту жағдайларынан тұратын шарт (әрі қарай – талап ету құқығын шеттету шарты) жасау жағдайында Қарыз алушыға (немесе оның уәкілетті өкіліне) төмендегілер туралы хабарлауға: | 3.3.11. При заключении договора, содержащего условия перехода права (требования) Банка по Договору банковского займа третьему лицу (далее – договор уступки права требования), уведомить Заемщика (или его уполномоченного представителя): |
| талап ету құқығын шеттету шарты жасалғанға дейін құқықтардың (талаптардың) үшінші тұлғаға өту ықтималдылығы туралы, сондай-ақ Банктік қарыз шартында/Жалпы талаптарда қарастырылған немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін әдіспен осылай шеттетумен байланысты Қарыз алушының дербес деректерін өңдеу туралы; | до заключения договора уступки права требования о возможности перехода прав (требований) третьему лицу, а также об обработке персональных данных Заемщика в связи с такой уступкой способом, предусмотренным Договором банковского займа/Общими условиями, либо не противоречащим законодательству Республики Казахстан; |
| үшінші тұлғаға (Банктік қарыз шарты бойынша құқық (талап) өткен тұлғаның атауы мен орналасқан жері) Кредитті өтеу бойынша алдағы уақыттағы төлемдердің мақсатын, берілген құқықтардың (талаптардың) толық көлемін, сонымен бірге Негізгі борыш, сыйақы, комиссия, тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімақы) мен төленуі тиіс басқа да сомаларды көрсету арқылы талап ету құқығын шеттету шарты жасалған күннен бастап отыз күнтізбелік күннің ішінде Банктік қарыз шартында/Жалпы талаптар қарастырылған немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін әдіспен құқықтың (талаптың) үшінші тұлғаға өткендігі туралы. | о состоявшемся переходе права (требования) третьему лицу способом, предусмотренным в Договоре банковского займа/Общих условиях либо не противоречащим законодательству Республики Казахстан, в течение тридцати календарных дней со дня заключения договора уступки права требования с указанием назначения дальнейших платежей по погашению Кредита третьему лицу (наименование и место нахождения лица, которому перешло право (требование) по Договору банковского займа), полного объема переданных прав (требований), а также остатков просроченных и текущих сумм Основного долга, вознаграждения, комиссий, неустойки (штрафа, пени) и других подлежащих уплате сумм. |
| **3.4. Қарыз алушы міндетті:** | **3.4. Заемщик обязан:** |
| 3.4.1. Осы Банктік қарыз шартының кез келген әрекет ету кезеңі ішіндегі кез келген сәтте осы Банктік қарыз шарты және Жалпы шарттар берілген мәлімдемелер мен кепілдіктердің шынайылығын | 3.4.1. Обеспечить в любой момент времени в период срока действия Договора банковского займа действительность заверений и гарантий, изложенных в Договоре банковского займа и настоящих Общих |

[2] Шарттың талаптарына өзгертулер енгізу арқылы берешекті реттеу мүмкіндігі туралы талап солар бойынша Банктік қарыз шарты 2018 жылғы 16 шілдеден бастап жасалатын барлық ипотекалық қарыздарға қатысты қолданылады.

| | |
|---|---|
| қамтамасыз етуге. | условиях. |
| 3.4.1-1. Кредитті Банктік қарыз шартына сәйкес мақсатына сай пайдалану. Банк Қарыз алушының Ипотекалық тұрғын үй қарызын мақсатсыз жұмсағандығын анықтаған жағдайда, Банктің талабында белгіленген мерзімде Кредитті пайдаланудың тұтастай мерзімі үшін пайдаланылған Кредит бөлігінде есептелген сыйақыны төлеу арқылы Кредитті мерзімінен бұрын қайтару. | 3.4.1-1. Использовать Кредит по целевому назначению согласно Договору банковского займа. При выявлении Банком нецелевого использования Ипотечного жилищного займа досрочно возвратить Кредит с выплатой начисленного вознаграждения в части использованного Кредита за весь период пользования Кредитом, в установленный Банком в требовании срок. |
| 3.4.2. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес осы Банктік қарыз шарты және Жалпы шарттар бойынша құқықтарының кез келгенін жүзеге асыру үшін Банкке ықпал етуге. Осы құжат арқылы Қарыз алушы Банктің осындай құқықтарды жүзеге асыруына Қарыз алушының қайсы бір қосымша келісімі талап етілмейтіндігін растайды және Қарыз алушы Банкке Қолданыстағы заңнамаға қайшы келмейтін әдістермен осындай құқықтардың барлығын немесе кез келгенін жүзеге асыруға ешқандай кедергі келтірмейді (тікелей немесе жанама, әрекетімен немесе әрекетсіздігімен). | 3.4.2. Содействовать Банку в реализации им любых своих прав по Договору банковского займа и настоящим Общим условиям в соответствии с Действующим законодательством. Настоящим Заемщик подтверждает, что в отношении реализации таких прав Банком не требуется какого-либо дополнительного согласия Заемщика и Заемщик не будет никаким образом (прямо или косвенно, действием или бездействием) препятствовать Банку в реализации всех или любых таких прав способами, не противоречащими Действующему законодательству. |
| 3.4.3. Осы Шарттың әрекет ету кезеңі ішінде Банктің талабымен Банк үшін қолайлы нысандағы, күйдегі және мазмұндағы және Қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес келетін, Кредитті пайдалану мақсатына, Кредитті игеру, өтеу көздері мен талаптарына, қарыз алушының қаржылық жағдайына және оның құқықтық мәртебесіне қатысты кез келген ақпарат пен құжаттарды, оның ішінде, бірақ мұнымен шектелмей мынадай құжаттарды: | 3.4.3. В период действия Договора банковского займа по требованию Банка предоставлять Банку любую информацию и документацию в форме, состоянии и с содержанием, приемлемыми для Банка и соответствующими требованиям Действующего законодательства, имеющих отношение к целевому использованию Кредита, к порядку освоения, условиям и источникам погашения Кредита, финансовому состоянию Заемщика и его правовому статусу, включая, но не ограничиваясь, следующие документы: |
| а) Банктік қарыз шартында көрсетілген және/немесе Банк пен қарыз алушы арасында қосымша келісілген мерзімде Банкті қанағаттандыратын нысан мен мазмұндағы Қарыз алушының Кредитті мақсатына сәйкес пайдалануын растайтын құжаттарды; | а) документы, подтверждающие целевое использование Заемщиком Кредита, по форме и содержанию удовлетворяющие Банк, в сроки, указанные в Договоре банковского займа и/или дополнительно согласованные между Банком и Заемщиком; |
| б) қаржылық құжаттарды | б) финансовую документацию, |
| в) Қолданыстағы заңнамамен, Банктің саясаттары мен рәсімдерінің ішкі стандарттарымен қарастырылған өзге құжаттарды; | в) иные документы, как предусмотрено Действующим законодательством, внутренними стандартами политиками и процедурами Банка; |
| г) Банк пен Қарыз алушы арасында қосымша келісілген мерзімде Банк талап етуі мүмкін кез келген өзге ақпаратты Банкке ұсынуға. | г) любую другую информацию, которая может быть затребована Банком, в сроки, дополнительно согласованные между Банком и Заемщиком. |
| 3.4.4. Банкке осы Шартпен байланысты операциялық, пошталық-телеграфтық және өзге шығындардың орнын толтыруға. | 3.4.4. Возместить Банку операционные, почтово-телеграфные и другие расходы, связанные с Договором банковского займа. |
| 3.4.5. Банкке жазбаша түрде мыналарды хабарлауға: | 3.4.5. Сообщать Банку в письменном виде: |
| а) мына жағдайлардың қайсы бірі туындағанға дейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей: (i) Қарыз алушының үшінші тұлғалардан қарыз алуы, (ii) үшінші тұлғалардың пайдасына Қарыз алушы мүлкінің жоспарлы кепілі, (iii) Қарыз алушының үшінші тұлғалардың міндеттемелерін орындауының қамтамасыз етуі ретінде кепілдіктерді, кепілгерліктерді беруі; | а) не позднее, чем за 30 (тридцать) календарных дней до наступления какого-либо из следующих событий: (i) получение Заемщиком займов от третьих лиц, (ii) планируемый залог имущества Заемщика в пользу третьих лиц, (iii) предоставление Заемщиком гарантий, поручительств, обременений в обеспечение исполнения обязательств третьих лиц; |
| б) мыналарды жасағанға дейін 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей –заңгерлік қызметтерді, кеңес беру қызметтерін, оның ішінде бағалау және/немесе сақтандыру/қайта сақтандыру қызметтерін ұсынатын кез келген тұлғалармен шарт немесе өзара байланысты шарттар топтамасын жасау туралы; | б) не позднее, чем за 10 (десять) календарных дней до даты заключения - о заключении договора или серии связанных договоров с любыми лицами, предоставляющими юридические услуги, консультации, включая услуги по оценке и/или страхованию/ перестрахованию; |
| в) банктік шоттар ашылған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде Қарыз алушының Қазақстан | в) об открытии Заемщиком банковских счетов в банках (организациях, осуществляющих отдельные |

| | |
|---|---|
| Республикасының аумағында және одан тыс жерлердегі банктерде (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда және өзге кредит, қаржы, сақтандыру ұйымдарында) банктік шоттар ашқандығы туралы (осындай шот нөмірі мен банк атауын көрсете отырып); | виды банковских операций, и иных кредитных, финансовых, страховых организациях) на территории Республики Казахстан и за ее пределами (с сообщением номера такого счета и наименования банка), в течении 30 (тридцати) календарных дней с даты открытия банковских счетов; |
| г) көрсетілген жағдайлар туындаған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде Қарыз алушының Банктік қарыз шарты және/немесе осы Жалпы талаптар бойынша өз міндеттемелерін орындауына әсер ететін/әсер етуі мүмкін кез келген жағдайлар туралы, оның ішінде, бірақ мұнымен шектелмей: Қарыз алушыға әсер етуі мүмкін кез келген сот тексеруі, Бұзшылық жағдайы немесе Ықтимал бұзушылық жағдайы ретінде бағалануы мүмкін кез келген жағдай, Банктік қарыз шартында және осы Жалпы талаптарда қарастырылған кез келген мәлімдемелер мен кепілдіктердің бұзылуы, Шартта және осы Жалпы талаптарда белгіленген кез келген міндеттемелердің, талаптардың, уағдаластықтардың орындалмауы немесе Қарыз алушының қызметіндегі немесе қаржылық жағдайындағы кез келген елеулі өзгерістер туралы; | г) о любых событиях, влияющих/могущих повлиять на исполнение Заемщиком обязательств по Договору банковского займа и/или настоящим Общим условиям, включая, но не ограничиваясь: любое судебное разбирательство, могущее повлиять на Заемщика, любое событие, которое может быть расценено как Событие нарушения или Потенциальное событие нарушения, нарушение любых заверений и гарантий, изложенных в Договоре банковского займа и настоящих Общих условиях, невыполнение любых обязательств, условий, договоренностей, установленных Договором банковского займа и настоящими Общими условиями, или любые существенные изменения в деятельности или финансовом положении Заемщика, в течении 30 (тридцати) календарных дней со дня наступления вышеуказанных событий; |
| д) осындай жағдайлар туындаған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде Қарыз алушының Банктік қарыз шарты бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындауына теріс әсер етуге қабілетті өзге жағдайлардың туындауы туралы; | д) о возникновении иных обстоятельств, способных негативным образом повлиять на надлежащее исполнение обязательств Заемщиком по Договору банковского займа, в течении 30 (тридцати) календарных дней со дня наступления таких обстоятельств; |
| е) оларға оның орналасқан жерін өзгерту, тегін, атын, әкесінің атын ауыстыру (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) кіретін жеке деректерінің ауысқандығы, жеке басты куәландыратын құжаттардың ауысқандығы, Қарыз алушымен байланысу үшін қолданылатын байланыс ақпараты мен байланыс әдісінің өзгергендігі, сонымен бірге Банктік қарыз шартында көрсетілген, Банкке жазбаша нысанда ұсынылған жұмыс беруші туралы деректердің өзгергендігі туралы осындай өзгертулер жасалған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінің ішінде; | е) о смене личных данных к которым относится изменение его места жительства, перемена фамилии, имени, отчества (если оно указано в документе, удостоверяющем личность), замене документов, удостоверяющих личность, изменение контактной информации, используемой для связи с Заемщиком, и способа связи, а также об изменение данных о работодателе, письменно указанных Банку, в т.ч. в Договоре банковского займа, в течение 15 (пятнадцати) рабочих дней со дня таких изменений; |
| ж) төлемнің кешіктірілгені туралы және/немесе өз міндеттемелерін, оның ішінде, бірақ мұнымен шектелмей әлеуметтік төлемдермен, салықтармен, бюджетке төленетін өзге міндетті төлемдермен, міндетті зейнетақы жарналарымен, коммуналдық қызмет төлемдерімен байланысты міндеттемелерді орындай алмауы туралы жүргізілмеген бірінші төлем мерзімінен кейін 5 (бес) Жұмыс күні ішінде хабарлау; | ж) о просрочке платежа и/или невозможности выполнить свои обязательства, включая, но не ограничиваясь: обязательства, связанные с социальными платежами, налогами, иными обязательными платежами в бюджет, обязательными пенсионными взносами, платежами за коммунальные услуги, в течение 5 (пяти) Рабочих дней после первого не произведенного в срок платежа; |
| з) Банк онымен тиісті келісім жасаған жұмыс берушімегн еңбек шартын бұзудан бұрын 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей. | з) не позднее, чем за 15 (пятнадцать) календарных дней до даты расторжения трудового договора с работодателем, с которым Банк заключил соответствующее соглашение. |
| 3.4.6. Банктің талабымен: | 3.4.6. По требованию Банка: |
| а) Ықтимал Бұзу жағдайы туындаған кезде Қамтамасыз ету/Қосымша қамтамасыз ету ұсыну; | а) при наступлении Потенциального События Нарушения, предоставить Обеспечение/дополнительное Обеспечение; |
| б) тиісті шарттардың талаптарына сәйкес Қамтамасыз етуді ауыстыру немесе толықтыруға; | б) заменить или пополнить Обеспечение в соответствии с условиями соответствующих договоров; |
| в) Банк үшін қолайлы бағалау әдістерімен Қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес, бағалануға тиісті, кепіл мәнін немесе өзге Қамтамасыз етуді мерзімді қайта бағалауды қамтамасыз етуге. | в) обеспечить проведение периодической переоценки предмета залога или иного Обеспечения, подлежащего оценке, в соответствии с требованиями Действующего законодательства, приемлемыми для |

| | |
|---|---|
| | Банка методами оценки. |
| 3.4.7. Банк осы Жалпы шарттардың 3.1.4. тармағымен қарастырылғандай осы Жалпы талаптарға және/немесе Банктік қарыз шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге бастамашы болған жағдайда жаңа талаптарды қабылдау немесе өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігі Қолданыстағы заңнама талаптарынан туындаған жағдайда Банктен хабарлама алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Банктік қарыз шарты бойынша Берешекті мерзімінен бұрын өтеуге. | 3.4.7. В случае, если Банком было инициировано внесение изменений и дополнений в настоящие Общие условия и/или Договор банковского займа, как предусмотрено пунктом 3.1.4. настоящих Общих условий, - принять новые условия либо досрочно погасить Задолженность по Договору банковского займа в течение 10 (десяти) календарных дней с даты получения уведомления Банка в случае, если необходимость внесения изменений и дополнений вызвана требованиями Действующего законодательства. |
| 3.4.8. Банктің Берешек сомасын мерзімінен бұрын өтеу туралы талабын алған күннен бастап, Банктің тиісті талабында өзге мерзім белгіленбесе, 5 (бес) жұмыс күні ішінде Берешектің барлық сомасын мерзімінен бұрын қайтаруға. | 3.4.8. Досрочно возвратить всю сумму Задолженности в течение 5 (пяти) рабочих дней с даты получения требования Банка о досрочном возврате суммы Задолженности, если иной срок не будет установлен в соответствующем требовании Банка. |
| 3.4.9. Өтеу кестесіне сәйкес сағат 18:00-ден кешіктірмей Кредитті өтеудің жоспарлы күні Банктік қарыз шартында көрсетілген банктік шотта Кредитті, есептелген Сыйақыны, бір айда банктік қарызға қызмет көрсету бойынша комиссияны (2016 жылғы 01 шілдеге дейін жасалған Банктік қарыз шарттары бойынша) немесе қарыз қызметімен байланысты а,ымдағы шотты/Карт шотты жүргізгені үшін комиссияны (2016 жылғы 01 шілдеден бастап жасалған Банктік қарыз шарттары бойынша) (мұндай комиссия Банктік қарыз шартында қарастырылса/Өтеу кестесінде көрсетілсе) өтеуге қажетті соманың болуын қамтамасыз етуге. | 3.4.9. В планируемую дату погашения Кредита согласно Графику погашения не позднее 18.00 часов обеспечить на банковском счете, указанном в Договоре банковского займа, всей суммы, необходимой для погашения Кредита, начисленного вознаграждения, комиссии за обслуживание банковского займа (по Договорам банковского займа, заключенным до 01 июля 2016г.) или комиссия за ведение текущего счета/Карт-счета, связанного с обслуживанием займа (по Договорам банковского займа, заключаемым с 01 июля 2016г.) за месяц (если такая комиссия предусмотрена Договором банковского займа/ указана в Графике погашения). |
| 3.4.10. Банктік қарыз шартында және (немесе) Жалпы талаптарда қарастырылған әдіспен Банкті Ипотекалық қарыздын талаптарын өзгерту арқылы берешекті реттеу мүмкіндігі туралы Банктен алынған хабарламаға сәйкес 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде Банкке қабылданған шешім туралы хабарлауға. | 3.4.10. В течение 30 (тридцати) календарных дней уведомить Банк о принятом решении согласно, полученному уведомлению от Банка о возможности урегулирования задолженности путем изменения условий Ипотечного займа, способом предусмотренным Договором банковского займа и (или) Общими условиями. |
| 3.5. Алып тасталды. | 3.5. Исключен. |
| **3.6.** Банк Банктік қарыз шарты бойынша құқықты (талапты) үшінші тұлғаға шеттеткен жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасымен Банктің Қарыз алушымен қарым-қатынастарына қатысты Банктік қарыз шартынын/Жалпы талаптардың аясында қойылатын талаптар мен шектеулер Қарыз алушының оған құқық (талап) шеттетілген үшінші тұлғамен құқықтық қарым-қатынастарына қатысты қолданылады. | **3.6.** При уступке Банком права (требования) по Договору банковского займа третьему лицу требования и ограничения, предъявляемые законодательством Республики Казахстан к взаимоотношениям Банка с Заемщиком в рамках Договора банковского займа/Общих условий, распространяются на правоотношения Заемщика с третьим лицом, которому уступлено право (требование) по Договору банковского займа. |
| **4-бап. Кредитті мерзімінен бұрын қайтару жағдайлары**<br>**Бұзушылық жағдайлары.** | **Статья 4. Случаи досрочного возврата Кредита. События нарушения** |
| **4.1.** Қарыз алушыосы баппен қарастырылғандай Банк кейіннен Бұзушылық жағдайы деп бағалауы мүмкін жағдайдың туындағаны туралы Банкке жазбаша түрде хабарлайды. | **4.1.** Заемщик письменно уведомляет Банк о возможном наступлении события, которое в последующем может быть расценено Банком как Событие Нарушения, как предусмотрено настоящей статьей. |
| **4.2.** Осы Банктік қарыз шарты және Жалпы талаптар үшін Бұзу жағдайлары болып мына жағдайлардың кез келгені есептеледі: | **4.2.** Для целей Договора банковского займа и настоящих Общих условий Событием Нарушения может быть признано любое из следующих событий: |
| 4.2.1. Қарыз алушы Қолданыстағы заңнама талаптарын немесе осы Банктік қарыз шарты және Жалпы талаптардың кез келген талабын немесе оған қатысты құжаттардың талаптарын бұзатын болса немесе орындамайтын болса, сондай-ақ банктік қарыз | 4.2.1. Заемщик нарушает или не выполняет требования Действующего законодательства или любого из условий Договора банковского займа и/или настоящих Общих условий или относящихся к ним документов, в том числе имеет просроченные |

| | |
|---|---|
| шарты бойынша 40 (қырық) күнтізбелік күннен артық мерзімі кешіктірілген міндеттемелері болса; | обязательства по Договору банковского займа более 40 (сорока) календарных дней; |
| 4.2.2. Осы Банктік қарыз шартымен сәйкес немесе Банктік қарыз шартымен және осы Жалпы шарттарымен байланысты ұсынған кез келген құжатқа сәйкес Қарыз алушының жасаған мәлімдемелерінің немесе кепілдіктерінің кез келгені шынайы, дәл немесе рас емес және өз күшін тоқтатқан деп пайымдауға Банктің дәйекті негіздемелері болған жағдайда; | 4.2.2. У Банка есть обоснованные основания полагать, что любое из заверений или гарантий, Заемщика в Договоре банковского займа или любом из предоставленных в связи с Договором банковского займа и настоящими Общими условиями документе, являются недостоверными, неточными или недействительными, прекратили свое действие; |
| 4.2.3. Қарыз алушы Қазақстан Республикасының азаматтығынан және/немесе Қазақстан Республикасында тұрақты тұру құқығынан айрылатын болса; | 4.2.3. Заемщик утрачивает гражданство Республики Казахстан и/или утрачивает право на постоянное проживание в Республике Казахстан; |
| 4.2.4. Қарыз алушының құқықтық қабілетінің/қабілетсіздігінің өзгеруі; | 4.2.4. Изменение правоспособности/ дееспособности Заемщика; |
| 4.2.5. Қарыз алушының соттық процеске осы Жалпы шарттармен белгіленген бастапқы шамадан асып түсетін талап арыз сомасымен немесе ондай сома болмайтын жағдайда Банктің пікірі бойынша Қарыз алушының Банктік қарыз шарты және осы Жалпы талаптар бойынша міндеттемелерін толық әрі дер кезінде орындауына кедергі келтіретін немесе келтіруі мүмкін сомамен қатысуы; | 4.2.5. Вовлечение Заемщика в судебный процесс, с суммой иска, превышающей пороговую величину, установленную настоящими Общими условиями, либо, при отсутствии таковой, сумму, которая по мнению Банка представляет или может представлять угрозу полноте и своевременности исполнения обязательств Заемщика по Договору банковского займа и настоящим Общим условиям; |
| 4.2.6. Қарыз алушының жалпы сомасы осы Жалпы талаптарда белгіленген бастапқы шамадан асып түсетін немесе ондай сома болмайтын жағдайда Қарыз алушының Банктік қарыз шарты және осы Жалпы шарттар бойынша міндеттемелерін толық әрі дер кезінде орындауына кедергі келтіретін немесе келтіруі мүмкін сомадағы кез келген берешегі белгіленген мерзімде өтелмеген жағдайда немесе Қарыз алушының кез келген берешегі белгіленген мерзімге дейін өтеуге жарияланған жағдайда немесе өзге түрде төленуге тиісті болған жағдайда және төленбеген немесе есепке алынбаған жағдайда; | 4.2.6. Любая задолженность Заемщика, в общей сумме превышающая пороговую величину, установленную настоящими Общими условиями, либо, при отсутствии таковой, сумму, которая по мнению Банка представляет или может представлять угрозу полноте и своевременности исполнения обязательств Заемщика по Договору банковского займа и настоящим Общим условиям, не погашена в установленный срок или любая задолженность Заемщика объявлена к погашению либо иным образом становится подлежащей уплате до установленного срока, и не оплачена либо не зачтена; |
| 4.2.7. Қарыз алушының жалпы сомасы осы Жалпы талаптарда бастапқы шамадан асып түсетін немесе ол ондай сома болмайтын жағдайда Қарыз алушының Банктік қарыз шарты және осы Жалпы шарттар бойынша міндеттемелерін толық әрі дер кезінде орындауына кедергі келтіретін немесе келтіруі мүмкін сомадағы мүлкінің бір бөлігі үшінші тұлғаларға кепілге берілген жағдайда немесе меншік құрамынан/иелігінен шығып қалған жағдайда/үшінші тұлғаларға табысталған жағдайда (иеліктен шығарылған, алынған, тәркіленген, экспроприацияланған немесе оларды мемлекет немесе кез келген үшінші тұлға ұлттандырған жағдайда), құны төмендеген жағдайда, зақымдалған,жойылған жағдайда немесе Банктің пікірі бойынша осындай қауіп төнген жағдайда; | 4.2.7. Любая часть имущества Заемщика, в общей сумме превышающей пороговую величину, установленную настоящими Общими условиями, либо, при отсутствии таковой, сумму, которая по мнению Банка представляет или может представлять угрозу полноте и своевременности исполнения обязательств Заемщика по Договору банковского займа и настоящим Общим условиям, заложена третьим лицам либо выбыла из собственности/владения/передана третьим лицам (отчуждена, изъята, конфискована, экспроприирована или национализирована государством или любым третьим лицом), претерпела снижение стоимости, повреждена, утрачена, или, по мнению Банка, существует угроза такового; |
| 4.2.8. Қарыз алушы үшін кез келген уақытта осы Банктік қарыз шарты және/немесе Жалпы талаптар бойынша қайсы бір немесе барлық міндеттемелерді орындау заңсыз болып қалған жағдайда немесе бұндай міндеттемелер заңды, шынайы, міндетті әрі орындауға тиіс болуын доғарған жағдайда; | 4.2.8. В любое время для Заемщика исполнение каких-либо или всех обязательств по Договору банковского займа и/или настоящим Общим условиям становится неправомерным либо такие обязательства перестают быть правомерными, действительными, обязательными и исполнимыми; |
| 4.2.9. Қарыз алушы өзі төлеуге тиісті соманы төлеу туралы заңды күшіне енген тиісті юрисдикциядағы сот шешімін орындамайтын болса; | 4.2.9. Заемщик не исполняет вступившее в законную силу решение суда соответствующей юрисдикции об уплате сумм, причитающихся с него; |
| 4.2.10.Қарыз алушы осы Шартты жасағанға дейін немесе кейін жасалған өзге шарттар бойынша, оның ішінде, бірақ мұнымен шектелмей кез келген кредит | 4.2.10. Заемщик не исполняет своих обязательств по иным договорам, заключенным до или после даты заключения Договора банковского займа, включая, |

| | |
|---|---|
| шарттары бойынша өз міндеттемелерін орындамайтын болса; | без ограничения, любые кредитные договоры; |
| 4.2.11. Банктің өз шешімі бойынша қамтамасыз ету күшінен айрылған немесе жеткіліксіз болып қалған жағдайда, яғни Қамтамасыз ету мөлшері (себептеріне тәуелсіз) осы Шарт бойынша төлеуге тиесілі сомадан аз болып қалған жағдайда немесе (Банктің пікірі бойынша) осындай тәуекел орын алған жағдайда және Қарыз алушы Қамтамасыз ету көлемін қалпына келтіруге қатысты Банктік қарыз шарты және Жалпы талаптардың ережелерінорындамайтын болса; | 4.2.11. Обеспечение становится по единоличному решению Банка недействительным либо недостаточным, то есть размер Обеспечения (независимо от причин) становится меньше, чем сумма, подлежащая выплате по Договору банковского займа, или по мнению Банка существует угроза такового, и Заемщик не выполняет условия Договора банковского займа и/или настоящих Общих условий в части восполнения объема Обеспечения; |
| 4.2.12. Қарыз алушының жағдайында (қаржылық немесе өзге), операцияларында, мүлкінде, міндеттемелерінде елеулі қалыпсыз өзгерістердің туындауы (Банктің өз пікірі бойынша) немесе Қарыз алушының осы Банктік қарыз шарты және/немесе осы Жалпы талаптар бойынша өз міндеттемелерінің кез келгенін орындау мүмкіндігінде елеулі өзгерістердің туындауы (Банктің өз пікірі бойынша); | 4.2.12. Наступление существенных (по единоличному мнению Банка) неблагоприятных изменений в положении (финансовом либо ином), операциях, имуществе, обязательствах Заемщика либо наступление существенных (по мнению Банка) изменений в возможности Заемщика исполнять любое из своих обязательств по Договору банковского займа и/или настоящим Общим условиям; |
| 4.2.13. Қарыз алушы үшінші тұлғалардан кез келген қарызды тартатын/алатын болса немесе үшінші тұлғаларға қарыз беретін болса немесе осы Банктік қарыз шартын жасағаннан кейін үшінші тұлғаның міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету ретінде жалпы сомасы осы Жалпы талаптарда белгіленген бастапқы шамадан асып түсетін сомаға немесе ондай сома болмайтын жағдайда Банктің пікірі бойынша Қарыз алушының осы Банктік қарыз шарты және/немесе Жалпы талаптар бойынша өз міндеттемелерін толық әрі дер кезінде орындауына кедергі келтіретін немесе келтіруі мүмкін сомаға кепілдік шығаратын болса; | 4.2.13. Заемщик привлекает/получает любой заем от третьих лиц либо предоставляет заем третьим лицам либо выпускает гарантию в качестве обеспечения исполнения обязательств третьего лица после даты заключения Договора банковского займа на общую сумму, превышающую пороговую величину, установленную настоящими Общими условиями, либо, при отсутствии таковой, сумму, которая по мнению Банка представляет или может представлять угрозу полноте и своевременности исполнения обязательств Заемщика по Договору банковского займа и/или настоящим Общим условиям; |
| 4.2.14. Қарыз алушы Банктің қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастыру, лаңкестікті қаржыландыру, алаяқтық, жемқорлық және т.б. жолмен алынған қылмыстық табыстарды заңдастыру сияқты ақшаны иемдену сұлбасы мен кез келген заңға қарсы іс-әрекеттерге қатысу жағдайларының алдын алуға қажетті Банк рәсімдері шеңберінде, сондай-ақ «өз клиентіңді біл» рәсімдері шеңберінде Банк белгілеген межелерге сәйкес келмеген жағдайда; | 4.2.14. Несоответствие Заемщика критериям, установленным Банком в рамках процедур Банка, необходимых для предотвращения случаев вовлечения Банка в любые противозаконные действия, преступные действия и схемы по отмыванию денег, такие как легализация доходов, полученных преступным путем, финансирование терроризма, мошенничество, коррупция и т.д., а также процедур "знай своего клиента"; |
| 4.2.15. Банктің өз пікірі бойынша Қарыз алушының осы Банктік қарыз шарты және/немесе Жалпы талаптар бойынша өз міндеттемелерін толық әрі дер кезінде орындауына кедергі келтіретін немесе келтіруі мүмкін өзге жағдайда. | 4.2.15. Иные обстоятельства, которые по единоличному мнению Банка угрожают или могут создать угрозу полноте и своевременности исполнения Заемщиком своих обязательств по Договору банковского займа и/или настоящим Общим условиям. |
| **4.3.** Банк Қарыз алушыдан осы Жалпы талаптардың 4-бабының 4.1. тармағымен қарастырылған жазбаша хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) Жұмыс күні ішінде Банк Қарыз алушының хабарламасында айтылған оқиғаларға қатысты Банктің пікірін білдіре отырып, Қарыз алушыға жазбаша жауап жолдайды. | **4.3.** В течение 5 (пяти) Рабочих дней с даты получения Банком письменного уведомления от Заемщика, предусмотренного пунктом 4.1. статьи 4 настоящих Общих условий, Банк направляет Заемщику письменный ответ с выражением мнения Банка о событиях, изложенных в уведомлении Заемщика. |
| **4.4.** Банк кейіннен 4.2.1. тармағымен қарастырылған Бұзу жағдайы деп бағалауы мүмкін және Қарыз алушының Кредит бойынша Берешегін өтеу мерзімін кешіктіруімен байланысты жағдай орын алатын болса Банк Қарыз алушыға осындай жағдай туралы курьерлік қызмет арқылы жазбаша хабарлама жолдап, Қарыз алушы Банкке өтелуге тиісті Берешекті төлеуге міндетті болатын мерзімді көрсетеді. Қарыз алушы бұл міндеттемені Банк көрсеткен мерзімде орындамаған жағдайда Банк Қарыз алушыға осы | **4.4.** В случае, если имеет место событие, которое в последующем может быть расценено Банком как Событие Нарушения, предусмотренное пунктом 4.2.1. и связанное с допущением Заемщиком просрочки в погашении Задолженности по Кредиту, Банк направляет Заемщику письменное уведомление о таком событии через курьерскую службу с указанием срока, в течение которого Заемщик обязан уплатить Банку подлежащую погашению Задолженность. В случае невыполнения Заемщиком данного |

Банктік қарыз шарты бойынша Бұзу жағдайының туындағаны туралы хабарламаны жолдап, осы Банктік қарыз шарты бойынша барлық міндеттемелерін немесе олардың кез келгенін тоқтату туралы мәлімдейді және Бұзу жағдайы туралы осындай хабарландырудан кейін 1(бір) Жұмыс күнінен кейін Банк Қарыз алушының осы шарт бойынша Берешек сомасын толық көлемде өндіріп алуды талап етуге құқылы болады, сондай-ақ Банк Бұзу жағдайы туралы жариялаған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде қамтамасыз етуді де өндіріп алуға, сондай-ақ Банктің пікірі бойынша өз мүдделерін қорғап, осы Банктік қарыз шарты және Жалпы шарттармен байланысты Қарыз алушыдан алынуға тиесілінің барлығын алуға қажетті және жеткілікті барлық іс-әрекеттерді қолдануға және кейіннен осы Банктік қарыз шартының әрекетін тоқтатуға құқылы болады.

**4.5.** Осы баптың 4.2.1. тармақшасымен қарастырылғаннан өзге жағдай орын алып, оны Банк кейіннен Бұзу жағдайы деп бағалайтын болса, Банк бұл жөнінде Қарыз алуға хабарлап, төменде айтылғанмен байланысты Қарыз алушының бұл жағдайды түзетуіне қажетті ақылға қонымды уақыт кезеңін белгілеуі мүмкін (бірақ міндетті емес). Қарыз алушы банк белгілеген мерзім ішінде бұл жағдайда түзетпейтін болса, Қарыз алушы осы құжат арқылы Қарыз алушының қайсы бір қосымша келісімінсіз Банкке Бұзу жағдайын жариялау өзінің барлық міндеттемелерін немесе олардың кез келгенін тоқтату туралы мәлімдеп, сондай-ақ Банктің пікірі бойынша өз мүдделерін қорғап, оған Банктік қарыз шартынабайланысты Қарыз алушыдан алынуға тиесілінің барлығын алуға қажетті және жеткілікті барлық іс-әрекеттерді қолдану құқығын береді және табыстайды. Банктің пікірі бойынша Қарыз алушының бұл жағдайды түзетуіне қажетті уақыт кезеңін белгілеу қайсы бір себептермен мүмкін болмаған жағдайда немесе оны қаламаған жағдайда Банк Қарыз алушыға Бұзу жағдайының туындағаны туралы алдын ала хабарламай бірден Бұзу жағдайын жариялауға өзінің барлық міндеттемелерін немесе олардың кез келгенін тоқтату туралы мәлімдеп, Қарыз алушының Банктік қарыз шарты бойынша Берешек сомасын толық көлемде өндіріп алуды талап етуге, сондай-ақ қамтамасыз етуді де өндіріп алуға, сондай-ақ мүдделерін қорғап, Банктік қарыз шарты жән осы Жалпы талаптарға байланысты Қарыз алушыдан алынуға тиесілінің барлығын алуға қажетті және жеткілікті барлық іс-әрекеттерді қолдануға құқылы болады.

### 5-бап. Қарыз алушының мәлімдемелері мен кепілдіктері.

**5.1.** Қарыз алушының төмендегі мәлімдемелері осы Шартты жасайтын күні рас әрі шынайы болып табылады, олар Қарыз алушы Кредит алу туралы Өтінішті берген күні қайталанған болып есептеледі және осы Шарттың бүкіл әрекет ету мерзімі ішінде өз күшінде қалады:

5.1.1. Қарыз алушы Қолданыстағы заңнаманың барлық талаптарын орындайды және қазіргі уақытта мемлекет тарапынан, оның органдарының тарапынан, сондай-ақ үшінші тұлғалардың тарапынан Қарыз

обязательства в указанный Банком срок, Банк направляет Заемщику уведомление о наступлении События Нарушения, заявляет о прекращении всех или любого из своих обязательств по Договору банковского займа и через 1 (один) Рабочий день после такого объявления События Нарушения Банк вправе предъявить ко взысканию в полном объеме сумму Задолженности Заемщика, в том числе по истечении 10 (десяти) календарных дней с даты объявления Банком События Нарушения обратить взыскание на обеспечение, а также предпринять все действия, необходимые и достаточные, по мнению Банка, для защиты его интересов и получения всего, причитающегося ему с Заемщика в связи с Договором банковского займа и настоящими Общими условиями, с последующим прекращением действия Договора банковского займа.

**4.5.** В случае, если имеет место иное событие, чем предусмотренное в пункте 4.2.1. настоящей статьи, и которое в последующем может быть расценено Банком как Событие Нарушения, Банк уведомляет об этом Заемщика и в зависимости от нижеописанного может (но не обязан) установить разумный период времени, по усмотрению Банка, необходимый для исправления ситуации Заемщиком. Заемщик настоящим поручает и предоставляет Банку право, без какого-либо дополнительного согласия Заемщика, в случае, если ситуация не будет исправлена Заемщиком в срок, установленный Банком, объявить Событие Нарушения, заявить о прекращении всех или любого из своих обязательств и предпринять все действия, необходимые и достаточные, по мнению Банка, для защиты его интересов и получения всего причитающегося ему от Заемщика в связи с Договором банковского займа. В случае невозможности либо нежелательности по каким-либо причинам, по мнению Банка, установления периода времени, необходимого для исправления ситуации Заемщиком, Банк вправе незамедлительно объявить Событие Нарушения без предварительного уведомления Заемщика о возникновении События Нарушения, заявить о прекращении всех или любого из своих обязательств, предъявить ко взысканию в полном объеме суммы Задолженности Заемщика по Договору банковского займа, в том числе обратить взыскание на обеспечение, а также предпринять все действия, необходимые и достаточные для защиты интересов Банка и получения всего причитающегося ему с Заемщика в связи с Договором банковского займа и настоящими Общими условиями.

### Статья 5. Заверения и гарантии Заемщика.

**5.1.** Нижеследующие заверения Заемщика являются правдивыми и достоверными на дату заключения Договора банковского займа, должны рассматриваться повторенными в дату предоставления Заемщиком Заявления на получение Кредита и остаются действительными в течение всего срока действия Договора банковского займа:

5.1.1. Заемщик соблюдает все требования Действующего законодательства и в настоящее время не имеет каких-либо правовых претензий, могущих создать для Заемщика невозможность возврата

| | |
|---|---|
| алушыға Кредитті қайтаруға кедергі келтіруі мүмкін қандай да бір құқықтық шағымдары жоқ; | Кредита, со стороны как государства и его органов, так и любых третьих лиц; |
| 5.1.2. Қарыз алушы Кредитті Банктік қарыз шартының ережелеріне сәйкес Банктік қарыз шартында көрсетілген жолмен пайдаланады; | 5.1.2. Заемщик будет использовать Кредит как указано в Договоре банковского займа, в соответствии с положениями Договора банковского займа; |
| 5.1.3. Қарыз алушы ұсынған бүкіл ақпарат, оның ішінде, бірақ мұнымен шектелмей оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат және осы Банктік қарыз шарты және Жалпы шарттары мақсатында берілген өзге ақпарат тура, толық әрі дәл болып табылады; | 5.1.3. Вся информация, предоставленная Заемщиком, включая, но не ограничиваясь, информацию о финансовом положении, и иная информация, предоставленная для целей Договора банковского займа и настоящих Общих условий, является достоверной, полной и точной; |
| 5.1.4. Банкке қаржылық жағдайы туралы ақпаратты соңғы рет ұсынған күннен бастап Қарыз алушының қаржылық жағдайында қайсы бір елеулі теріс өзгерістер болған жоқ; | 5.1.4. В финансовом состоянии Заемщика не произошло каких-либо существенных негативных изменений с даты последнего предоставления Банку информации о финансовом состоянии; |
| 5.1.5. Осы Шартқа қол қою Қолданыстағы заңнама ережелеріне, Қарыз алушы бір тарапы болып табылатын кез келген шарттарға қазіргі кезде және болашақта қайшы келмейді; | 5.1.5. Подписание Договора банковского займа не противоречит и не будет противоречить положениям Действующего законодательства, любым договорам, стороной которых является Заемщик; |
| 5.1.6. Қолданыстағы заңнама бойынша басым күшке ие болатын міндеттемелерді қоспағанда Қарыз алушының үшінші тұлғалардың алдындағы барлық қазіргі кездегі және болашақтағы міндеттемелеріне қатысты теңдей болып жіктеледі; | 5.1.6. Обязательства Заемщика по Договору банковского займа и настоящим Общим условиям в любое время будут классифицированы, как равные по отношению ко всем настоящим и будущим обязательствам Заемщика перед третьими лицами, за исключением тех обязательств, которые превалируют по Действующему законодательству; |
| 5.1.7. Осы Банктік қарыз шарты мен оған қатысты барлық шарттар Қарыз алушы үшін заңды, шынайы және оның орындауына міндетті болып табылады. | 5.1.7. Договор банковского займа и все относящиеся к нему договоры являются законными, действительными и обязательно исполняемыми для Заемщика. |
| **5.2.** Осы құжат арқылы Қарыз алушы Банктің қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастыру, лаңкестікті қаржыландыру, алаяқтық, жемқорлық және т.б. жолмен алынған ақшаны иемдену схемасы мен қылмыстық іс-әрекеттерге Банктің қатысу жағдайларының алдын алу үшін белсенді жұмыс істейтіндігін мойындайды және онымен келіседі. Банктің жұмыс стандарттары Банктің беделін сақтау мен қорғауға, сондай-ақ клиенттердің Банктің парасаттылығына деген сенімін ешқандай жоғалтып алмауға бағытталған. Осымен байланысты Банк өз қарауы бойынша өз клиенттеріне және Банк клиенттері жасайтын мәмілелерге қатысты белгілі бір талаптарды белгілейді (олар мерзімді түрде өзгеріп отыруы мүмкін). Осылайша, Банк Банктің қайсы бір клиенті немесе Банк клиентінің қайсы бір мәмілесі ерекше/күмәнді клиенттер және/немесе мәмілелер қатарына жатқызылуы мүмкін межелерді белгілеуі мүмкін. | **5.2.** Настоящим Заемщик признает и соглашается с тем, что Банк активно работает над предотвращением случаев вовлечения Банка в преступные действия и схемы по отмыванию денег, такие как легализация доходов, полученных преступным путем, терроризм, мошенничество, коррупция и т.д.. Стандарты работы Банка направлены на сохранение и защиту репутации Банка, а также на то, чтобы вера клиентов в добропорядочность Банка не была никоим образом подорвана. В связи с этим Банк по своему усмотрению устанавливает определенные требования к клиентам Банка и сделкам, совершаемым клиентами Банка, которые могут периодически изменяться. Так, Банком могут быть установлены критерии, по которым тот или иной клиент Банка либо та или иная сделка клиента Банка может быть отнесен (-а) к категории необычных/подозрительных клиентов и/или сделок. |
| Осы құжат арқылы Қарыз алушы Банктің бірінші талабымен және Банк белгілеген мерзімде Банкке «өз клиентіңді біл» сияқты қажетті рәсімнің немесе Банкте әрекет ететін және/немесе Қолданыстағы заңнамамен белгіленген соған ұқсас өзге рәсімдердің талаптарын орындауға және жүзеге асыруға мүмкіндік беру үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсынуға немесе ұсынылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді. | Настоящим Заемщик обязуется по первому требованию Банка в сроки, установленные Банком, предоставить или обеспечить предоставление документации и информации, необходимых для того, чтобы Банк имел возможность осуществить и соблюсти все требования необходимых процедур "знай своего клиента" или прочих подобных процедур, существующих в Банке и/или установленных Действующим законодательством. |
| **5.3.** Осы Жалпы талаптардың 5.2. тармағында қарастырылғандай Қарыз алушының қайсы бір мәмілесі ерекше/күмәнді мәмілелер қатарына жатқызылатын болса немесе Қарыз алушы күмәнділер қатарына жатқызылатын болса, Қарыз алушы осы құжат арқылы Банкке Қарыз алушының қайсы бір | **5.3.** Настоящим Заемщик предоставляет Банку право не исполнять те или иные указания Заемщика, а также приостановить исполнения обязательств Банка по Договору банковского займа в случае, если та или иная сделка Заемщика может быть отнесена к категории необычных/ подозрительных сделок либо |

| | |
|---|---|
| нұсқауларын орындамауБанктің осы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын уақытша тоқтату құқығын береді. | если Заемщик будет отнесен к категории подозрительных, как это указано в пункте 5.2. настоящих Общих условий. |
| **5.4.** Банк Қарыз алушының кредиттік бюроға Қарыз алушы туралы мәліметтерді беруге және кредиттік бюроның Банкке Қарыз алушы туралы кредиттік есептерді, сонымен қатар Тараптардың міндеттемелерін орындауымен байланысты ақпараттарды беруіне келісімін алған. | **5.4.** Банком получены согласия Заемщика на предоставление сведений о Заемщике в кредитные бюро и на выдачу кредитными бюро Банку кредитных отчетов о Заемщике, а также информации, связанной с исполнением Сторонами своих обязательств. |
| **6-бап. Хабарламалар. Жедел байланыс құралдарын пайдалану.** | **Статья 6. Уведомления. Использование средств оперативной связи.** |
